



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ЕЛБАСЫМЕН БОЛҒАН ТІКЕЛЕЙ ЭФИР ХАЛЫҚ СЕНІМІН НЫҒЫРЛАДЫ



Биылғы тікелей эфирде Қазақстан Президентіне қойылған сауалдардың ауқымы бұрынғыдан да кең болды. Жалпы, Президенттің атына Қазақстанның Астана мен Алматы қалалары және барлық облыстарынан сұрақтар келіп түсті. Астаналықтар мен алматылықтар бұрынғыдай жоғары белсенділік танытса, одан кейінгі орындарды Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстарының тұрғындары иеленген. Оған қоса Украи-

на, Түрікменстан, АҚШ, Ресей және тағы басқа шетелдерден де сұрақтар түсті. Оның ішінде, ең көп сауал жолданған саланың бірі – ғылым және білім саласы. Осы орайда жолданған сауалдарға жауап беру барысында Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің бас оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бірнеше мәрте тілге тиек етіп, үлгі ретінде ұсынды. Мысалы, Павлодар облысынан сауал жолдаған студент Дина Балаканованың оқу бітірген соң жұмыссыз қалу қаупі

бар екендігін айтып, «Мемлекет жас мамандардың жұмысқа орналасуына көмектесе ме екен?» деген сұрағына Елбасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері төртінші-бесінші курстың өзінде-ақ жұмысқа орналасып жатқанын, демек, ол студенттердің мамандығы мен білімі сұранысқа сай екендігін айта келе, бүгінгі сұранысқа ие мамандық иелеріне тоқталып өтті.

(Жалғасы 3-бетте)

Жастарға Мағжанша сене білу жарқын болашақтың кепілі болмақ. Бұл орайда кешегі асылдардың ізін жалғастырып, жас өрендердің зияткерлігі мен зиялылығына болжам жасап, үлкен үміт артуда бүгінгі қоғам қайраткерлері де орынды қадам жасауда. Олар еліміздің саяси өміріндегі бетбұрыстарды жастармен талқыға салып, жастардың көзімен қарауда, жастардың пікірімен санасуда үлкен мән барын сезінгендей. Осы кезекте қараша айының 23 жұлдызында білімнің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасы Парламент сенатының депутаты Төлеген Мұхамеджановтың үздік оқу орданың белсенді студенттерімен жүздесуі жастарға деген мол сенімнің айғағы болды. Бұл кездесудің негізі – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жуырда өткен халықпен тікелей жүйедегі жүздесуін саралауға арналды.

Саясат та, өнер де тек халық игілігі үшін болуы керек

Қазақ ұлттық университеті армандаған оқу ордасы болғанымен өзі түсе алмаған, мұнда оқу орындалмаған арманы екендігін жеткізген сенатор қара шаңырақтың киелі екендігін, талай тұлғаларды қанаттандырғанын тереңнен қозғап, бүгінгі студенттерден де элита қалыптассын деген тілегімен сөз бастады. Амандықтан кейін сенатор бүгінгі кездесудің мақсатын жеткізіп: «Құрметті студенттер, саяси жағдайды сіздер менен кем білмейсіздер. Сондықтан бұл кездесу маған да, сіздерге де қызықты болады деп ойлаймын. Көкейлеріңізде жүрген, жауабын таба алмаған өмірлік сұрақтарға бірге жауап іздейік», – деп көрерменді тақырыпты ортақ талқылауға шақырды.

(Жалғасы 2-бетте)



санда:

БҮГІНГІ

Жетекші ЖОО
эдвайзерлерінің
Қазақстан ЖОО
қоғамына үндеуі



2-бет

Болашаққа
салауатты
өмірмен



6-бет

Студенттік
өмірдің
қайта оралмас
маусымы бар



8-бет



■ «Интеллектуалды ұлт – 2020»

Жетекші ЖОО эдвайзерлерінің Қазақстан ЖОО қоғамына үндеуі

Жыл сайын өтетін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамының жалпы жиынында: «Білім мен ғылымның әлемдік кеңістігіне қадам басып, алдына үлкен мақсаттарды жоспарлап отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстанның студент жастарын кәсіби біліктілікке, адамгершілік пен рухани кемелділікке тәрбиелеу ісіндегі өзінің жауапкершілігін толық сезінеді және де қазақстандық зиялы қауымды Елбасы ұсынған «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын жүзеге асыру жолында бар күшті жұмылдыруға шақырады. Қазіргі қоғамда тек интеллектуалды әлеуеті жоғары мемлекет қана әлемдік көшбасшылыққа ие бола алады, ал Елбасымыздың ұсынған нақты бағдарламасы – бізді сол мақсатқа жеткізудің шынайы жолы», - деген мәселелер талқыланды.



мына қойылатын талаптарды белгіледі. Интернационалды білім беру жүйесі аясында студенттер шетелдік ЖОО-дағы әр түрлі пәндерді меңгеру үшін білім алушының академиялық мобильділігін арттыру керек. Оған қол жеткізу үшін «әлем елдерінің жетекші ЖОО-мен халықаралық қарым-қатынасты орнатып, халықаралық стандарттарға сай оқу кредиттерінің сынақты қайта тапсыру жолдарын құру, шетелде студенттердің тәжірибе алмасуы және т.б. мәселелер қарастырылуы керек», деді университет басшылығы.

Ректор эдвайзер жұмысына баға бере отырып, білім беруде болашақ қоғам тұлғаларын сомдау үшін тәрбиенің маңыздылығын атап өтті. «Елбасының ұлттық университетке қойған басты талабы – қазақ елін сауатты және интеллектуалды ұлт болып дамуына бар күшті жұмылдыру. Сондықтан сөзді қойып іске көшу керек», - деді сөз аяғында Б. Жұмағұлов.

Қатысушылар бірауыздан университеттің оқытушы-профессорлар құрамы жолдаған үндеудегі Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалды секіріс» атты актілік дәрісінде айтылған іс-жоспарлар мен мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін ат салысу керектігін құптады.

ҚазҰУ-дың
Баспасөз қызметі

Биылғы кездесуге ҚазҰУ-да Н.Ә. Назарбаевтың оқыған «Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалды секіріс» атты актілік дәрісінде айтылған іс-жоспарлар мен мақсат-міндеттер арқау болды.

«Елбасы өз дәрісінде әсіресе ғылым мен білімнің инновациялық дамуына айрықша мән берді, Қазақстанның жоғары оқу орындарында, соның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алып жатқан студент жастардың ұлтымыздың болашағы үшін атқарар қызметі мен алар асуларына үлкен сенім артты. Сондықтан Елбасының бұл миссиясына толықтай жауап бере отырып Қазақстанның бәсекеге

қабілетті адами қоры бар мемлекет ретінде өркендеуіне өз үлесімзді қосымыз керек», - дейді ҚазҰУ ректоры Б.Т. Жұмағұлов.

Жыл сайын өтетін университет ректоры мен эдвайзерлердің кездесуі оқытушы-профессорлар ұжымының жасалған жұмысына баға бере отырып, университеттің дамуына жаңа бағыттарды айқындауда үлкен септігін тигізіп жатыр.

Жиында оқу жұмысы жөніндегі проректор Мұрат Орынханов білім беру жүйесіне енгізілген кредиттік технологияның нәтижелері бойынша есеп берді. Нәтижелер бойынша кредиттік технология жаңа сатыға көтеріліп, эдвайзерлер жұмысының сапасы артты, студенттер мен оқытушылар ара-

сында ақпараттық орта кеңінен таралды және «Универ» жүйесі іске қосылған болатын. Жақын арада университет нормалары мен нарық талаптарына сай әрбір студент өзіне керек білімді алу үшін таңдап алынатын пәндердің толыққанды тізімін алуға мүмкіндігі болады.

Кредиттік технологияның ажырамас бір бөлшегі эдвайзерлер институты болып табылады. ҚазҰУ-да бұл институттың мақсат-міндеттері орындалып келеді. Жиналыста студенттерді оқыту жүйесі мен болашақ мамандығының кәсіби шеберлігін шыншау мәселелері талқыланды.

Жоғары оқу орындарының

білім беру сапасын арттыру және дүниежүзілік рейтингіде беделді орындарға шығу үшін кредиттік технология жүйесі енгізілді. Жиналысқа қатысқандар кредиттік технология енгізілгеннен кейінгі жинақталған тәжірибенің пайдалы жақтарына баға берді. Олардың пікірінше, сапаны арттыру үшін факультет кафедраларының жұмыстарын жоспарлап, университеттің ақпараттық жүйесін кеңейту, әрі кредиттік технологияның идеология ретінде эдвайзерлердің беделін арттыру қажет.

Кездесу барысында Бақытжан Жұмағұлов университеттің оқытушы-профессорлар құра-

■ Результат



базой в Республике: стадион с трибуной на пять тысяч зрителей, двумя футбольными полями, теннисными кортами, летними игровыми площадками, игровым спортивным залом и спортивным дворцом спорта, в котором есть все для занятий борьбой, боксом, гимнастикой, теннисом, бадминтоном и мини-футболом.

Великолепная спортивная база позволила значительно поднять массовость спорта и занять ведущее место среди спортивных Вузоз Республики. В настоящее время КазНУ активно реализует общегосударственную программу утверждения здорового образа жизни, уделяя огромное внимание развитию массовой физической культуры и спорта высших достижений. Совсем недавно студент 1 курса биологического факультета Виктор Демьяненко успешно защитил честь республики Казахстан на Чемпионате Мира среди молодежи по борьбе дзю-до, которое проводилось в г. Париже (Франция). В эти дни студенты КазНУ участвуют в междуниверситетской спартакиаде. Победители этих соревнований получают возможность выступить в Республиканской студенческой спартакиаде.

Все свои спортивные достижения студенты посвящают 75-летию КазНУ им. аль-Фараби под девизом «Высокие результаты в учебе и спорте».

Заслуженный тренер РК, доцент В.И.ЯКУБА

■ Кездесу

Саясат та, өнер де тек халық игілігі үшін болуы керек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде қоғам қайраткері, халық қалаушысы болып отырған Төлеген Мұхамеджанов жастарға биік белес пен асқақ арманға жетудің жолын да атап өтті. Өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Ол бала күннен бүгінге дейін «Мен кімін? Мен өмірге не үшін келдім? Дүниеге келгенімді қалай ақтаймын?» деген сұрақтардың жауабын іздеумен келе жатқандығын, осы сауалдарға нақты жауаптың табылуы үшін адам бойында енбеккерлік пен адалдықтың болуы керектігін айтты. Көргені мен түйгені мол депутат әрі композитор ресми кездесудің өзін шығармашылықпен ұштастыра білді. Саяси жағдай мен интеллектуалды ұлт қалыптастырудың маңыздылығын атай отырып, арасында өз шығармашылығындағы әуендерді орындап, бұқараға көтеріңкі көңіл күй тарту етті. Түсінген адам болса, ресми кездесудің өзін де ұйықтаған көңілді оятып, сергек өткізуге болатындығын жеткізді. «Әуен – Құдайдың тілі» деп, депутат ресми бөлімнің арасын әсем әуенмен жалғап отырды.

Бұл басқосудан байқағанымыз – қазағымның «ұлық болсаң кішік бол» деген дана сөзі Төлеген Мұхамеджановтың ұстанымы екендігі. Бағындырған белесі көп, бірақ қарапайым. Әр әуен барысындағы көрерменнің қалың ықыласы ол кісіге деген ыстық ілтипат пен үлкен қошеметті аңғартты. Егер әр депутат осылайша өнер жанашыры болса, халықтың еркін пікіріне құлақ түрсе, нұр үстіне нұр ғой. Жастардың сенаторға бағытталған әр қырлы сұрақтары да жауапсыз қалмады.

Сенатор да өз кезегінде студенттерге өнер саласынан сұрақтар жолдап, жеңімпаздарға өз авторлығындағы әуенді дисктерін сыйға тартты. Жастар халық қалаушысының жұмысы тек заң шығару ғана емес, халықтың мәдениеті мен тарихына жанашыр болуы керек екендігін түсінгендей болды. Студенттер халқының патриоты болып, үздік оқу басты арманы болу керектігін тағы бір бағамдады. Арманың алдамас үшін адал енбектену керектігін түйді көрермен. Елінің болашағын тек жарқын түрде ғана елестететін депутат жастарды ана тілін сүйоге, қазақ киносын көруге, қазақ әуендерін сүйоге шақырды. Еліне деген ерекше махаббаттың жүрек тұсында мәңгі тұруын, ана мен қарындасты құрметтеудің асыл ізет екендігін жеткізді. Жемқорлық жақсы қасиет еместігін де тілге тиек етті. Адал енбек қана сүйсінуге тұратындығын айтты. Қайталанбас тұлға ретінде қалыптасу адам енбегі мен ізденісінің нәтижесі екендігін сездірді. Саяси салауатты саралай келген бұл кездесу жастарға адамгершілікті ту ете жүріп, биік мансапқа жетуді үйреткендей болды.

Ресми тілде жолданған сауалдарға орысша жауап қайтарғандығы ғана болмаса, депутат әрі композитор бұл басқосудың басынан соңына дейін тек қана қазақ тілінде жүргізіп, ана тілінде толғанды, ана тілінде ойланды. Міне, сол үшін де көрермен ыстық лебізі мен жылы қошеметін аяған жоқ. Депутаттың айтқаны да саясат пен өнер тек халық игілігі үшін жұмыс істеу керек дегенді білдірді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Высокие результаты в учебе и спорте

Студенты КазНУ имени Аль-Фараби продолжают радовать своими спортивными достижениями на международных соревнованиях. Наши студенты все чаще поднимаются на пьедестал почета.

Пример тому, студентка 2 курса биологического факультета Олеся Куценко. Она заняла I место на Азиатских играх по борьбе «Куреш» во Вьетнаме. Аногичного успеха добился и студент факультета международных отношений Виталий Цыкунов. Золотую медаль он завоевал в прыжках в высоту.

Не так давно наши студенты стали призерами на чемпионате Мира среди молодежи по самбо. Соревнования прошли в столице Болгарии. Соперниками ка-

захстанцев были борцы из 27 стран мира. В общекомандном зачете наши палуаны заняли 2 место. Отличились студенты биологического факультета КазНУ имени Аль-Фараби. Серебро на Родину привез второкурсник Амангали Жартыбаев, бронзу завоевали первокурсники Мадина Алибекова и Ердаulet Курманов.

Таких успехов студенты Казахского Национального Университета имени Аль-Фараби добились не случайно. ВУЗ располагает лучшей студенческой спортивной



■ **Сараптама**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, Елбасы тарапынан берілген бұл бағаға кара шаңырақ ҚазҰУ әбден лайықты. Себебі, ҚазҰУ-дың түлектері Қазақстанның түкпір-түкпірінде ғана емес, әлемнің жетекші мемлекеттерінде мемлекеттік жауапты қызметтерде еңбек етіп жатыр. Біз үшін де бұл үлкен көрсеткіш әрі мақтаныш екендігін 75 жылдық мерейтой барысында ҚазҰУ бәріне паш еткен болатын.

Сонымен қатар, тікелей желі бойында Елбасымыз ұзақ уақыт қоғамның қызу талқысына түскен ҚазҰУ-да оқыған дәрісіне ұдайы сілтеме жасап отырды. Мысалы, порталға “талантты балалардың кедей ата-аналарынан” деген қолтаңбамен түскен «Астанада ашылатын жаңа халықаралық университетте бай ата-аналардың балалары ғана емес, талантты балалардың оқуына қандай мүмкіндік жасалатыны» жайлы сұраққа жауап бергенде оған арнайы тоқталды. Нұрсұлтан Әбішұлы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқыған дәрісінде біздің интеллектуалды қоғам құру мен Қазақстанның әлеуетті элитасын дайындау дилеммасының алдында тұрғандығымызды, сауатты, білікті адамсыз, дамыған ғылымсыз Қазақстанның келешегі жоқ екендігін, қазіргі таңда адамдардың, білімнің, ғылымның арасында бәсекелестік жүріп жатқандығын айтқан болатын. Бұған дайын болу қажеттігін тағы да қайталаған Елбасы: «Бұл университет бай ата-



ЕЛБАСЫМЕН БОЛҒАН ТІКЕЛЕЙ ЭФИР ХАЛЫҚ СЕНИМІН НЫҒЫРЛАДЫ

аналарға емес, талантты балалар үшін ашылады. Мұнда білім алу ата-аналар қалтасына қатысты болмайды. Кім байқадан өтсе, сол оқи алатын болады. Біз енгізген Ұлттық бірінші тестілеу де жаман нәтиже берген жоқ қой. Ол адамның ұлтына, тіліне немесе діни көзқарасына қарамайды. Кімнің білімі мықты болса, сол өтеді. Демек, ата-аналар балаларын осы университетте терең білімді меңгеруге дайындаған болса, онда олардың дұрыс таңдау жасағаны. Бұл жағдайда баланы қыруар ақшаға шетелге оқытудың қажеті де болмайды», - деді.

Бұдан басқа британиялық студенттің де ғылым, бизнес, ғылыми-зерттеулерден құралған ғылыми паркер құру туралы сауалына ҚазҰУ-да оқыған дәрісін арқау етуі қасиетті кара шаңырақтың қоғамдағы орнын айқындаса керек. Елбасының арнайы ат басын бұрып, қасиетті кара шаңырақ арқылы қоғамдық пікір туғызған, мемлекетіміздің дағдарыстан дамуға бағыт алған индустриалды-инновациялық бағдары үшін маңызы зор болған бұл дәрісі әлі күнге дейін көп ортада талқылану үстінде. Әрі бұл бір шетінен ҚазҰУ-дың қоғамдағы салмағын да білдіреді. Ал халықпен болған тікелей эфирде көтерілген көкейтесті мәселелерге ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қолдау білдіріп, оған қатысты өз пікірлерін төмендегідей сабақтады.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Гүлнәр СӘРСЕНБЕКОВА,
Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департамент директоры:

«Қоғам дамуына жол ашады»

- Бұл тікелей желіде кез келген қазақстандықтың өзін мазалайтын сұрақты өзі сайлаған Президентіне тікелей қоя алуы – азаматтық қоғамның дамуына жол ашып, билік пен халық арасын жақындатыр түсті. Бүгінгі таңда тікелей желі бұқаралық ақпарат құралдарында қызу талқыға түсіп, оған оң баға беріліп жатқандығына куә болып отырмыз. Бас аяғы 2 сағат 50 минутқа созылған ашық әңгімеде Елбасы өзін еркін ұстап, мәселелердің кеңінен талқылануына ынта танытты. Әрбір азаматпен жеке сөйлесіп отырғандай әсер алдық. Сөз соңында Н.Назарбаев тілшілерден өзі рұқсат сұрап, 10 минут ұлттық идея мен дағдарысқа төтеп берудің жөн-жобасына тоқталды: “Біздің қоғамымыз дамитын болса, өзіміз ұлттық идеямызды қалыптастырамыз. Ол үшін, меніңше, ұлттық бірлік доктринасын жүзеге асыруымыз керек. Екінші, бәсекеге қабілетті, мықты экономиканың дамуына күш салуымыз керек. Үшінші, интеллектуалды қоғам құру. Ол үшін ғылым, білім арқылы өзіміздің өнімдерімізді шығаратындай дәрежеге жетуіміз керек. Төртіншіден, біз бүкіл әлем сыйлайтын мемлекет құруымыз шарт. Осы төртеуін біздің ғалымдарымыз түсінулері қажет. Бұл төртеуі ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының дамуына негіз бола алады”.

13 қазанда ҚазҰУ-де оқыған дәрісінде де Елбасы интеллектуалды қоғам құру мәселесіне тоқталған болатын. Бұл мәселеге ҚазҰУ ұжымы да белсенді үн қосуда. Осы орайда ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамының жалпы жиынында Қазақстан ғалымдарына, оқытушыларына, ғылым-білім саласындағы қызметкерлерге, студент жастарға арнап “Білім мен ғылымның әлемдік кеңістігіне қадам басып, алдына үлкен мақсаттарды жоспарлап отырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстанның студент жастарын кәсіби біліктілікке, адамгершілік пен рухани кемелділікке тәрбиелеу ісіндегі өзінің жауапкершілігін толық сезінеді және де қазақстандық зиялы қауымды Елбасы ұсынған «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасын жүзеге асыру жолында бар күшті жұмылдыруға шақырады. Қазіргі қоғамда тек интеллектуалды әлеуеті жоғары мемлекет қана әлемдік көшбасшылыққа ие бола алады, ал Елбасымыздың ұсынған нақты бағдарламасы – бізді сол мақсатқа жеткізудің шынайы жолы” деген үндеу қабылдады.



Асқар АЛТАЕВ, т.ғ.д., профессор, тарих факультетінің деканы:

«Әлеуметтік жағдайды жақсартатын бағдарлама»

Еліміздің ішкі-сыртқы жағдайы бізді – тарихшылар қауымын қатты толғандырады. Сондықтан да тікелей желіде ҚР Президентінің халық арасында қордаланған сұрақтарға берген жауабын аса назармен тыңдадым.

Тарихшы ретінде біздерді елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың барысы, білім және ғылым мәселелері мен мәдени мұра және ұлттық идеяны қалыптастыру мәселелері қатты толғандырады.

Сондай-ақ, бүгін көзі ашық, көкірегі ояу барлық азаматтарды Қазақстанның

халықаралық деңгейдегі беделі туралы мәселе алаңдатпай қоймайды. Дүниежүзілік қауымдастыққа тең мүше ретінде қабылдану үшін біз көп мәселені шешуіміз керек. Соны Елбасымыз өз жауабында толық сипаттап берді. Әсіресе, 2011 жылы ЕҚЫҰ-ға төраға болатын кезеңде басты назарды экология, экономика, қауіпсіздік және адам құқығын сақтау мәселелеріне аударуымыз керек. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанды дүниежүзіне танытып, беделін көтеру үшін күні-түні тынымсыз жұмыс істеуі бізге де көп жауапкершілік артады. Қазақстанның бүкіл зиялы қауымын алаңдатып отырған мәселенің бірі – мәдени мұра мен ұлттық идея. Президенттің «Мәдени мұра» деген бағдарламаны жасап отырған бірден-бір ел шығармыз деуінен оның қазақ халқының басынан өткен

отарлық саясат пен небір зобалаңның зардабын бар жүрегімен тереңнен сезінетіні көрінеді. Ал, бәріміздің көкейімізден шыққан нәрсе – бұл Елбасының ұлттық идея туралы айтқаны. «Қоғам дұрыс бағытта дамыған жағдайда ұлттық идея да дұрыс қалыптасады. Ал, қоғамды дамытатын факторлардың ең негізгісі – ұлттық бірлік, ұлтаралық келісім. Сондықтан да мен «Ұлттық бірлік» доктринасын жасадым. Бұл доктринаның мақсаты – Қазақстан халқының ортақ тарихын, ортақ құндылықтарын, ортақ болашағын қалыптастыру», – деді Елбасы.

Қорыта келгенде, мен осы тікелей желіден көкейімде жүрген көп сауалға тұжырымды жауап алдым. Өз кезегімде біз, тарих факультетінің ұжымы Елбасының барлық бастауларын үлкен қызумен қолдаймыз деп уәде беремін.

Жастар – ел келешегі

Бабалар найзасының ұшымен, кара білегінің күшімен келген тәуелсіздіктің шұғылалы таңы атқалы Елбасымыздың дүйім жұртпен жүйелі түрде жүздесіп, қалың бұқараның хал-жағдайын жаңа замандағы жаңа технологияға байланысты тікелей желіде сұрауы жыл сайынғы үлкеніміз бен кішіміз асыға күтетін дәстүрге айналды. Халықпен кездесіп, олардың көкейіндегі сауалдарына жауап беріп, мұн-мұқтажын жоқтау Президентіміздің саликалы саясатының тағы да бір жеңісі екені сөзсіз!

«Жол картасы», «Мәдени мұра» бағдарламалары, медицина саласы, ұлттар бірлігі, жұмыссыздық, тағы да басқа да өзекті мәселелерге тоқталып, сұрақтарға толыққанды жауап беруі халық көңілінен шығып, кеуделеріне қуаныштың жылы лебізін сыйлап, үміт отын тағы да жарығырақ етіп жаға түсті.

Елбасымыз қашанда болашақтың кілтін ұстап жүрген жастарды басты назарда ұстайтыны баршамызға аян. Сәтті шыққан бұл сұхбатта да президентіміз

жастар мәселесіне, білім мәселесіне кеңінен тоқталып өтті.

Қазақстанның интеллектуалды элитасын дайындау міндетін алға мақсат етіп қоюы – елімізде білім мен ғылымның алға қарай жылжуына жасалған алғышарт. Соған орай интеллектуалды мектептердің ашылуы біздің Қазақстанымызда білім мен ғылым бәсекелестілігін тудырып, дарынды жастардың қанаттарын кенге жайып, самғап ұшуы үшін қажет. Әлемнің алдыңғы сатыда тұрған Гарворт, Оксфорд сынды университеттерінің ғылым жүйесімен тығыз байланыста білім беретін жаңа университеттің ашылатындығы барша талантты жастарға берілетін зор мүмкіндік деп білемін.

Елбасының «Болашақ» бағдарламасымен шетелдерде оқып жүрген жастарға тастаған үндеуін баршамыз өзімізге тікелей айтылған үндеу деп қабылдауымыз қажет. Себебі, ел болашағы, ел келешегі – біздің, яғни, жалынды жастардың қолында. «Жас келсе іске...» демекші еліміздегі әрбір атқарылып жатқан жұмыстарға белсене

араласып, білімді кадр аталып, елімізді жан-жақты дамыған мықты мемлекеттер сапына қосу біздің қолымыздан келеді.

Президентіміз өз сұхбатында ЖОО-да білім грантымен оқыған студенттерге кейін де мемлекет тарапынан көмек берілетіндігін айтқаны қуантарлық жайт. Білімді жастардың аяғынан тік тұрып кетуіне көмек көрсетілсе, бұл – тек қана сол мемлекеттің артықшылығы. Білімді жастан білімді кадр шығады. Елбасымыз «Жақсы маман қай кезде де бағалы» деген ұран тастады. Ал, біздер осы пікірді жадымыздан бір елі шығармай, ұран етіп ұстайық, жас достар! Өйткені, бұл – өмір шындығы, өмір талабы.



Асем МАҚАШОВА,
география факультетінің 1 курс студенті



■ Әріптестік

ҚазҰУ-ға Ұлттық өнімділік орталығының өкілдері келді

12 қарашада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Бас хатшы және Басқару кеңесінің мүшесі Керім Унал, басқару кеңесінің мүшесі Мехмет Ероглу, «XVI Бүкіләлемдік өнімділік конгресі» ұйымдастыру комитетінің үйлестірушісі Расим Йылмаз, халықаралық қатынастар департаментінің маманы Гюзде Джудже бастаған Ұлттық өнімділік орталығының (ҰӨ) өкілдері қонақта болды. Аталмыш бас қосу ТІКА (Түркия) агенттігінің ат салысуымен жүзеге асырылды.



Түркиядан келген қонақтарды ҚазҰУ басшылығынан университет проректоры Нұрлан Ыбырайым қарсы алды. Кездесу барысында қонақтар ҰӨ-ның тарихы мен қызметі жөнінде айтып, «XVI Бүкіләлемдік өнімділік конгресі» мен «Еуропа өнімділік конференциясы – 2010» туралы толық ақпараттарды ұсынды. Сондай-ақ, Еуропалық одақтың бағдарламасы бойынша «Euroductivity: өнімділік жөніндегі электронды оқу бағдарламасын дайындау» халықаралық жобасының нәтижелерімен таныстырып, алдағы уақытта екі жақты қарым-қатынас орнату мәселесін тілге тиек етті.

Сондай-ақ қонақтар ҚазҰУ-дың беделді ғалымдарын қазіргі жаһандағы экономикалық дағдарыс мәселесіне қатысты өтетін бүкіләлемдік конгреске қатысуға шақырды. Оған әлемнің түкпір-түкпірінен мемлекет қайраткерлері, қоғамдық ұйым өкілдері, экономистер мен эксперттер қатысады деп күтілуде. Бүкіләлемдік өнімділік ғылыми конференциясының мүшесі (WCPS) және Ұлттық өнімділік орталықтарының еуропалық ассоциацияның мүшесі (EANPC) бола отырып, ҰӨ 2010 жылғы

2-5 қараша аралығында Анталияда «XVI Бүкіләлемдік өнімділік конгресс» пен «Еуропа өнімділік конференциясы – 2010» шарасын өткізеді.

1965 жылы құрылған Ұлттық өнімділік орталығы (ҰӨ) тәуелсіз қоғамдық ұйым болып табылады. ҰӨ өнімділік мәселелеріне, еңбек өнімділігі жөнінде ғылыми тұрғыда оқиғаларды бағалауға тікелей немесе жанама қатысы бар агенттіктерге, ұйымдар мен мекемелерге маман дайындау мен кеңес беру қызметін даярлауда техникалық қолдау беруді қамтамасыз етеді. ҰӨ қызметінің негізгі бағыттары – маман дайындау, зерттеу, кеңес беру, өнімділікті өлшеу, жарияланымдар және қоғаммен байланыс болып табылады. ҰӨ құрамындағы 18 мемлекеттің 16-сы түркі тілдес елдер.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері әлем елдерінің тарихы мен мәдениетін терең түсініп, шетелдік деңгейде білім алып жатыр десек артық айтқандық емес. Оқу ордасында әр елдің кешесі мен бүгінін таныстыратын шаралар ұйымдастырылып, көрмелер қойылады. Жеті жұрттың тілін біліп, жеті түрлі ілім игеру – бүгінгі заманның талабы. Олай болса, 3-5 қараша аралығында ҚазҰУ-да Мысыр елінің мәдениеті мен тарихына арналған көрменің ұйымдастырылуы орынды.

Мысыр елімен мәдени байланыс

Шығыстану факультетінде Мысыр Араб Республикасы елшілігі жанындағы Мысыр мәдени орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Мысырдың тарихы мен мәдениеті» атты көрмені тамашалаушылар құдды бір Мысыр еліне сапар шегіп келгендей әсер алған тәрізді. Көрмені ұйымдастырудағы басты мақсат ҚазҰУ-дың оқытушылары мен студенттері Ежелгі Мысыр мәдениеті мен тарихы, қазіргі және болашақтағы даму жолдарымен таныстыру. Қызығушылық танытқан көрермендер үшін арнайы ашық күн жасалып, көрмені тамашалау үш күнге ұласты. Келген қонақтарға көрмені тамашалаумен қатар Мысыр мәдени орталығының арабтану кафедрасы оқытушылары мен студент-магистранттары, докторанттарына арналған «Шетелдіктерге араб тілін оқыту тәсілдері» атты семинарын тыңдауға мүмкіндік туды. Дәрістерді Орталықтың және Нұр-Мұбарак Мысыр ислам мәдениеті университетінің профессорлары оқыды. Семинар соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар тапсырылды.

Аталмыш шара университет қабырғасында ҚазҰУ-дың ғылыми дәрежесін алған доктор Собхи Сохеймидің келуімен жанданып, күннен-күнге артып келеді. Мұндай ұйымдастырулар ел мен елдің ынтымақтастығын арттырып, білім алмасып, сыйласуға бастау болмақ.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Новости

В Казахстане отпраздновали всемирный день философов

На прошлой неделе Алматы стал центром внимания философов. Был организован круглый стол на тему развития философии в 21 веке: Казахстанская философия в истории всемирной философии. Мероприятие было посвящено всемирному дню философов и 60 летию зарождения философии в Казахстане. Организатором данного мероприятия был факультет философии и политологии КАЗНУ имени аль-Фараби. В рамках мероприятия выступили проректор по науке КазНУ им. аль-Фараби Н.М. Темирбекова, декан факультета философии и политологии, д.соц.н., профессор З.К. Шаукенова. Среди гостей праздника ректор Университета международного бизнеса, д. эконом. н., профессор Г.Н. Гамарник; зам. акима г. Алматы, д.соц.н., профессор С.Т. Сейдуманов; академик НАН РК, д.филос.н., профессор А.Н. Нысанбаев и другие известные ученые-философы Казахстана.

В процессе дискуссии на «круглом столе» обсуждение актуальные проблем развития казахстанской науки и смысла философского призвания в русле стратегической задачи развития интеллектуальной нации и формирования «общества знания», поставленной перед учеными и педагогами президентом РК Н.А. Назарбаевым. По итогам круглого стола будет подготовлен и издан сборник научных статей, в который войдут работы, как ведущих казахстанских философов, так и молодых ученых Казахстана.

Всемирный день философии завершился студенческим праздником и заседанием киноклуба Олега Борецкого, обозначенного тематикой «Философия: дефрагментация матрицы».

Кстати, история всемирного дня философии началась в 2002 году, когда Всемирная организация ЮНЕСКО объявила о ежегодном проведении в каждый третий четверг ноября «Дня философии». Через три года, в 2005 году, на 33 сессии ЮНЕСКО третий четверг ноября был официально провозглашен Всемирным днем философии (World Philosophy Day); и с тех пор начал отмечаться в странах-членах данной организации по всему миру.

День философии основан для того чтобы: наладить взаимосвязь и сотрудничество между философами и исследователями проблем теории и истории философии всего мира. Повысить престижность философского знания и способствовать распространению интереса к философии в мире. И побудить философов заниматься совместным анализом существующих в современном мире проблем.

Факультет философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби был и остается единственным в Казахстане центром серьезной, систематической подготовки профессионалов - философов, значимым звеном системы психологического и политологического обучения.

Меруерт МУХАМЕТЖАНОВА

■ Ақпарат

2009 жылы 12-қарашада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің баспа ісі және редакциялау кафедрасы «Болашақ баспагер-редакторларды, безеншілерді даярлау ісінде теория мен тәжірибені ұштастыру мәселелері» атты алқасөз өткізді. Аталмыш шараға республикалық баспа мен баспаханалардың, кітап тарату мекемелерінің басшылары және факультет ұстаздары, ғалымдары, магистранттары мен аспиранттары қатысты.



Баспагерлер бас қосты

Алқасөзді ұйымдастырудағы мақсатымыз – кафедра мен баспа, баспахана, кітап тарату мекемелерінің арасындағы байланысты нығайту; оқу, оқыту үдерісіне кәсіби мамандардың жиі атсалысуына жол ашу; баспа ісі және редакциялау кафедрасы студенттерінің кәсіби іске араласа жүріп мамандық бойынша машықтануын жандандыру – дейді баспа ісі және редакциялау кафедрасының менгерушісі Сағатбек Медеубек. Сонымен қатар кафедра менгерушісі өз сөзінде баспагерлер оқу ісінің ер аптасында өтетін «Баспа күні» оқу-әдістемелік шарасын өткізуді ұсынды. «Білім» баспасының директоры Жарылқасын Нұсқабайұлы: «Біз жас кезімізде бір редакциядан екінші редакцияға ауысып жүре беруші едік. Қазір баспагерлердің жұмысы мен газет редакциясындағы жұмыс басқаша. Бүгінде керемет кітап шығардым дегенмен, ол өтпей қалса баспаға шығын. Еш жерде мүлт кетпеу керек. Егер кетіп жатса, ол кітап мүгедек

болып шығады. Өткен жылы оқулық мәселесі көп көтерілді. Оқулықтан кеткен қате бәрін шулатты. Бұрын оқулық қолжазбасын министрлік бекітетін. Қазір кейбір баспалардың басшылары қазақша білмегендіктен, қолжазбаға қол қоя салады. Енді сіздердің ұсыныстарыңызға келсек, мен қолдаймын. Бірақ, менің ұсынысым – студенттер бір күн бойы баспаға барып, оның ішкі тыныс-тіршілігімен, қолжазбаны редакциялаумен танысса екен», – деген ойын ортаға салды. Ал, «Мектеп» баспасы директорының орынбасары Әуелай Оспанова: «Студенттер баспаға өндірістік тәжірибеден өтуге келеді. Біз оларды осы мамандыққа баулуға әрқашан дайынбыз. Алайда өкініштісі, олар мамандықтарына өте енжар қарайды. Редакторлардан, техникалық редакторлардан үйренуге құлықсыз», – деп мәселе көтерсе, «Асаба» баспасының директоры, баспа ісі және редакциялау кафедрасының аға оқытушысы Дәрмен Смайыл: «Біз студенттерді,

алдымен, «Қазақ университеті» баспасы мен типографиясына апарамыз. Олар алғашқы тәжірибесін сол жерден жинай бастайды. Балалардың ынтасы жоқ, құлықсыз дегенше, біздер, баспагерлер олардың ынтасын оятуға күш салуымыз керек. Студенттер ақпараттық жағынан әлдеқайда алда. Қазақ баспалары жайлы дипломдық жұмыстар қорғалып қойды. Олардың ынта-жігері мен талпынысы ұстаздар қауымын сүйсіндіреді. Студенттер, әсіресе, бірінші курс студенттері көрсем-білсем екен деп тұрады. Мысалы, былтыр бірінші курс студенттері «Селтегізер» атты өздерінің шығармалар жинағын шығарды. Өздері редакциялады, беттеді, дизайнын жасады. Менің ұсынысым кітап көрмесін мейлінше ауқымды етіп жасасак екен. Ол бәрімізге тиімді болар еді, – деген өз пікірін қосты. Сонымен қатар кафедра оқытушылары мен студенттері қонақтарға көкейдегі сауалдарын қойып, өздерін мазалаған мәселелерін көтерді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

■ Құттықтаймыз!!!

Ұстазы жақсының – ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің еліміздегі ЖОО арасында ең үздік білім ордасы атануында ұстаз еңбегі өлшеусіз. Осы орайда, ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына байланысты университет басшылығы лайықты деп танылған үздік оқытушыларын «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» **Күміс медалімен** марапаттады. Қуаныш иелерін ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтайды!!!



Сағымбай Қозыбаев,
Журналистика тарихы
кафедрасының меңгерушісі,
профессор



Қайыр Жұбанов,
Жаңа химиялық технологиялар
және материалдар ғылыми
зерттеу институтының дирек-
торы, профессор



Сейітқожа Құсайынов,
Геоморфология және карто-
графия кафедрасының про-
фессоры



Роза Қайырбаева,
Шет-тілдері кафедрасының
профессоры



Михаил Пузиков,
Әлеуметтану және
әлеуметтік жұмыс
кафедрасының профессоры



Қалқаман Жұмағұлов,
Ерте дүние және орта ғасырлар
тарихы кафедрасының
меңгерушісі, профессор



Өтеген Күмісбаев,
Ирантану және үндітану
кафедрасының профессоры



Фазылхан Байымбетов,
Оптика және плазма физи-
касы кафедрасының про-
фессоры



Надежда Гайнуллин,
Орыс филологиясы кафедрасының
профессоры



Ни Валентин,
Математикалық талдау
кафедрасының профессоры



Ажар Жұбанова,
Микробиология
кафедрасының профессоры



Серік Оспанов,
Макро-микроэкономика
кафедрасының профессоры



Ғалирашид Баймурзин,
Қылмыстық құқық
және криминология
кафедрасының профессоры

«Марапаттың алғашқы иелерінің бірі болғанымды мақтан етемін!»

Біздің ғажайып университетімізге 75-жыл толды. Керемет педагогтардың еңбектерінің нәтижесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ біздің еліміздің басты ЖОО айналды, ал, оның түлектері егеменді Қазақстанның құрылуы мен өркендеуінің куәгерлері болды. Менің 25 жылдық ұстаздық еңбегімді университетіміздің басшылары мен ұжымы осылайша жоғары бағалағанына қуаныштымын және оны мақтан етемін. Маған тағылған Үлкен күміс медальдің мен үшін орны ерекше, өйткені бұл – менің және әріптестерім мен студенттеріміздің еңбектерінің бағасы.

Әрине, біздің еңбегіміздің шынайы бағасы ретінде студенттеріміздің ізденіске ынтық көздері, олардың ғылыми жұмысты жасау барысында игерген біліктіліктері мен дағдылары, жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдау және бағалауы саналады. Алайда, Үлкен алтын және Үлкен күміс медаль секілді ерекше марапаттарды біздің университетте ғана беретіндігін ескерсек, университет басшылығы біздің ерен еңбегімізді ерекше құрметтейтінін паш етті. Мен осындай қадірлі марапаттың алғашқы номинанттарының қатарында болғанымды мақтан етемін.

Ажар ЖҰБАНОВА, микробиология кафедрасының профессоры, академик:

Сағымбай КОЗЫБАЕВ, профессор, заведующий кафедры истории журналистики:

«Фараби и Мы, или послесловие к награде»

Вот и вновь брошен привычный взгляд на столь же привычную глазу грядущую гор и ты под сенью университета. Сам себе как бы говорю: парень, горы эти сколь величественные, столь и единственные, таких нет больше в мире. И университете у их подножия один, первый в армаде себе подобных в стране, канонизирован именован мудрейшего из мудрейших Востока – вторым Аристотелем. И на дороге вроде не ва-

ляются тридцать шесть лет без единого пере-рыва работы рядового преподавателя – стезя и удел жизни, Богом дарованный и им же благо-славляемый. Главное итог. Спустя годы, бывшие питом-цы тепло и нежно вспоминают неповторимо-счастливые дни, проведенные в университете. Добились высот в избранной профессии, не за-пятнав ни честь, ни шинель казушника. И по-

нятие «Учитель из КазНУ» для них осталось неизменно святым. Вот этим и порадуя свое сердце, Устаз! Жизни каждого сопутствуют награды, отличия, звания. Если ими удостоивают – значит есть за что. Да воздастся по вере лишь. Но так или иначе нет выше признания своими – кол-легами, отчим родным домом. Высоким храмом Фараби, кому имеем честь и далее служить!



Жанар Нұршайқыова,
Шетелдіктердің тілдік және
жалпы білім беру дайындығы
кафедрасының меңгерушісі,
профессор



■ **Салауаттылық**

Қазақстан жарқын болашаққа айқын мақсат пен биік басымдықты ту етті. Ел ертеңіне ие болар ұлт денінің сау болуы бүгіннен қолға алынуы керек екендігін де ел атқа мінерлері назардан тыс қалдырмады. Салауатты өмір салтын қалыптастыруды нығайту мақсатында еліміздегі барлық қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салынды. 10 қазаннан бастап күшіне еңген заңның барысы бойынша енді кез келген жерде шылым шегуге рұқсат жоқ. “Халық денсаулығы жөніндегі” жаңа заңға сәйкес, барлық қоғамдық орындарда темекі шегуге және темекі өнімдерін сатуға тыйым салынған.

Болашаққа – салауатты өмірмен

Қашанда саяси жаңалық пен он өзгерістерге қостау көрсететін еліміздің ЖОО арасындағы үздік білім ордасы бұл игі бастамада да шет қалмады. Таяуда Алматыда жастар арасында шылым шегуге қарсы «Темекіге жол жоқ» акциясы өтті. Акцияны Алматы қалалық денсаулық сақтау орталығы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Алматы – темекі түгіннен таза қала» атты бағдарлама аясында ұйымдастырды. Аталмыш шара Алматыда бірінші рет өткізіліп отыр. Оның алғашқы озаттары болып әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері атанды. Бағдарлама әл-Фараби мен Достық көшелерінің қиылысында «Темекіге жол жоқ» атты жастар маршынан бастау алды. Марш Достық даңғылының бойындағы «Форум» бизнес-орталығынан басталып Абай даңғылы, одан Жандосов көшесімен Манасқа, Тимирязев даңғылымен ҚазҰУ қалашығына дейін созылды. Шараға ҚазҰУ-дан мыңдаған және қалалық ЖОО-дан жүздеген студент, «Қазақстан жастар Альянсының» өкілдері қатысты. Марш аясында атқосшы платформалық машиналар шылым шегудің зияны жөнінде ақпараттық үндеу хаттары мен буклеттерді таратты. «Темекіге жол жоқ» маршы өмірдің жарқын жақтарын, адамзат баласының қуанышын

насихаттауға бағытталған.

Бұл шараны ұйымдастырудағы басты мақсат – қала тұрғындары мен жастар қауымы арасында темекі дертімен күресу қадамдарын кенінен насихаттау. Темекі денсаулыққа зиянды екендігін тағы бір ескертіп, салауатты өмір салтын арттыруға шақыру. Шылым шегуге тыйым салатын жаңа заңды қолдауға арналған бұл шараның негізінде заң бұзушыларға 1200 теңге көлемінде айыппұл салынбақ. Үш рет темекі шегіп ұсталған адам 15 күнге абақтыға қамалады. Негізгі көмелеттік жасқа толмағандарға темекі сатуға және әлеуметтік маңызы зор нысандарда темекі тұтатуға болмайды. Кейбір дерек көздеріне жүгінсек тек биылғы жылдың өзінде Республика бойынша бұл заңға бағынбаған 6 мың азамат әкімшілік жауапқа тартылыпты. Бұл заң ҚазҰУ жастарынан үлкен қолдау тауып, темекісіз болашаққа жол ашылды.

Марш ҚазҰУ қалашығының Студенттер сарайы алдында Ерлан Көкеевтің басшылығымен «К 7» топтың концерттік

P.S. Ал бұл шара жаңадан қабылданған заңға қолдау танытудың белгісі. ҚазҰУ қалашығының таза ауасын көк түтіннен азат етудің алғы шарты. Сабақ арасындағы үзілісті пайдаланып, көк түтінге тұншыққан жастарды ҚазҰУ қалашығынан мүлде көрмеспіз деген үміттің дәнекері.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



бағдарламасымен аяқталды.

Сондай-ақ аталмыш шара Алматы қаласы әкімшілігі мен Алматы қалалық денсаулық сақтау орталығы, Мамандардың денсаулық сақтау ассоциациясы мен «Via Communications» агенттігінің «Асыл Алма» сыйлығын қолдауға арналды. Бұл «Асыл Алма» сыйлығы денсаулықты сақтауға белсенді түрде қатысатын ұйымдарды марапаттайтын тәуелсіз конкурстың жеңімпаздарына бұйырмақ. ҚазҰУ салауатты өмір салтын қалыптастыру белсенділері екендігін ескерсек, алда мұндай сыйлықтар қоржынымызға талай салынбақ.

■ **Кафедра**

Жақында қоғамдық көлікке мініп, үйіме келе жатқанда бір қызық жағдайға тап болдым. Аялдамадан алпыстарды алқымдаған әжей шамамен 5-6 жастағы немересін жетектеп, автобуска мінді. Бос орын көп болғандықтан, олардың әрқайсысы бір-бір орыннан иеленіп, жайғасты. Арада біраз уақыт өткеннен кейін адам көбейіп, көлікте қысылыс пайда бола бастады. Бос орын болмай, адамдар түрегеліп тұруға мәжбүр болды. Бір өзі бір адамның орнын алып отырған әлгі әжейдің немересі міз бақпай отыр. Тіпті, ыңғайсыздану дегенді білмейді де! Ал, жанында жасы егде тартқан үлкен кісі түрегеліп тұр. Мұны көрген жолсерік келіп, әжейге: “Апа, немереңізді алдыңызға алсаңыз, мына кісі үлкен кісі ғой, немереңіздің орнына отырсын”, – деді. Әжей ешбір шімірікпестен: “Жоқ, менің немерем орнынан тұрмайды. Мен оған бір кісінің ақшасын төлегенмін. Ол неге тұруы керек екен? Тұрмайды!” – деп баж ете қалды. Көлік іші аң-таң, көпшілік шошынғандай. Абырой болғанда жанында тұрған бір ағай әлгі егделеу кісіге орын берді.

Бүгінгі бала тәрбиесі

Бұл сонда қалай болғаны? Әлгі әжейдің жанындағы кісіге көрсеткені адамгершілікке жатады ма? Немересіне жақсы көргенін осылайша білдірткені қалай? Менің түсінігімше, бұл дұрыс тәрбие емес. Қалай десек те әлгі әжейдің қылығы дұрыс болмады. Ертең осындай тәлім-тәрбие көрген немере қандай адам болады? Болашақта немересі әжесінің мойнына мініп алып: “Аспандағы айды алып бер” десе, не істейді? Жалпы үлкендер, олардың қатарында әлгі әжей де бар, жастарды тәрбиесіз, көргенсіз деп жатады. Олар не себептен осындай ғайбат сөздерді естуі керек? Жастар үйінде көргенін жасайды. “Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің” деген халық мақалы дұрыс айтылған. Жастардың теріс жолда жүруіне үлкендер кінәлі болғаны ғой.

Атам қазақ жас тәрбиесіне қатты мән берген. Қызы мен ұлын инабаттылыққа, адалдыққа, адамгершілікке баулып отырған. Ер жүрек, батыл, тапқыр болуын қадағалап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеген. Қызын қырық үйден тыйып, жаман сөзге ермеуіне, сөз қумауына аса қатты көңіл бөлген. Дана халқым тәрбие атты ағашын дұрыс отырғызып, еңбегіне сай жемісін алып отырған. Сонау зұлмат заманында өз тілімізді, дінімізді, ұлтымызды ұмыта жаздағанымызда да өз абыройымызды сақтап қалдық. Баланың дұрыс азамат болып өсіп, болашағының жарқын болғанын қаласақ, олардың тәлім-тәрбиесіне көп көңіл бөлгеніміз дұрыс. Жастардың болашағы – үлкендердің қолында, қалай бұрса, солай кетеді. Менің айтарым – ата-ана баласын оң бағытқа бұрса екен.

Рысгүл РАМАЗАНОВА

■ **Тәртіп**



Отырысты ҚазҰУ-дың тілдерді дамыту және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева ашып, аталмыш шараның жалпы қоғам үшін маңыздылығын айтты. «Қазіргі дағдарыста ЖОО ішінде студенттік тәртіп сақтау жасақтарының жұмысы өзекті болып келеді. Сондай-ақ, бұл жасақтар құқықтық тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Неге десеніз, осы жасақтың өкілдері құқықтық мәдениеттің насихаттаушылары да, негізгі құраушы бөлігі», – дейді өз сөзінде Ш. Жаманбалаева.

ІІМ ҚҚБ бастығы Нұрлан Алмасбековтың айтуынша, бүгінгі таңда Алматының ЖОО-да студенттерден құралған арнайы жасақтар бой көтеріп келеді. Алматы қаласының Ішкі істер департаменті қаланың 20 ЖОО-мен арнайы меморандумға қол қойған. Осы қызметте атсалысқан топтың құрамында университет басшылығы, студенттік ұйымдар, қалалық ішкі істер органдары мен қоғамдық ұйымдар болды.

Алғашқы студенттік тәртіп сақтау жасағы осыдан бірнеше жыл бұрын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ұйымдастырылды. Бүгінде

Алғашқы студенттік тәртіп сақтау жасақтары жұмыс барысын қорытындылады

25 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қаласының студенттік тәртіп сақтау жасақтарының бірінші қалалық слеті өтті. Слеттің ашылуына Алматы қаласы жоғары оқу орындары мен колледждерінің өкілдері, аудандық Ішкі істер басқармасының жетекшілері, учаскелік полиция инспекторлары, аудандық әкімшілік өкілдері, сондай-ақ “Нұр Отан” ХДП қалалық және аудандық филиалдарының басшылары, полицияға көмек көрсететін студенттік жасақтар жетекшілері, БАҚ және полицияның қоғамдық көмекшілері қатысады. Күн тәртібінде студенттік тәртіп сақтау жасағының полиция қызметкерлеріне көмектесуі болды.

ЖОО-ның 50 студенті ҚазҰУ қалашығы аймағындағы тәртіпті толық қадағалап отырады. «Өздерін білетіндей ҚазҰУ қалашығы кең байтақ территорияны алып жатыр. Оның құрамында 13 студенттер үйі бар. Университет жасағы өз жұмысын білікті орындап келеді. Биыл ҚазҰУ маңында бірде-бір қылмысты іс байқалмады. «Жастар» - қала бойынша үлгі тұрарлық жасақ», - деп қайырды полиция полковнигі Н. Алмасбеков.

Дағдарыс жағдайында жоғары оқу орындарындағы студенттік тәртіп сақтау жасақтарының жұмыстарын қайта жандандыру аса өзекті болып отыр. Сонымен қатар, ерікті студенттік тәртіп сақтау жасақтары құқықтық тәрбие берудің басты құралы, өйткені құқықтық қозғалыстың өкілдері құқықтық мәдениеттің таратушысы әрі насихаттаушысы болып табылады.

Бүгінгі таңда Алматы қаласының жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып осындай тәртіп сақтау жасақтары құрылды. Мұның алғышарты полицияға көмек көрсету бойынша ЖОО, студенттік ұйымдар, қалалық ішкі істер органдары және қоғамдық ұйымдар басшыларымен жүргізілген үлкен жұмыс болды.

Міне, осы жастар қозғалысының барлық ұйымдастырушылары мен қатысушылары

тұңғыш рет өздерінің күштерін біріктіріп, слет өткізіп отыр, мұнда олар пікір менг тәжірибе алмасып, қаладағы қылмыстылық денгейін төмендетуге қосқан өзіндік үлестерін бағалап, жастар арасындағы тәртіпбұзушылықтың алдын алу саласындағы өз орнын анықтайды.

Слетті құттықтау сөзбен ҚазҰУ-дың тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Ш.Е.Джаманбалаева ашады. Сондай-ақ слетке қатысушы ІІД-нің полиция полковнигі Нұрлан Алмасбеков, Алматы қаласы әкімдігі жастар ісі басқармасының бастығы Нұрбол Баймұханов, “Нұр Отан” ХДП Әуезов филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қоғамдық кеңесінің төрағасы А.Айғожин, “Алматы қаласы тәртіп сақтауды күзетуге ықпал ету қалалық бірлестігінің” төрағасы Дмитрий Сон, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттік тәртіп сақтау жасағының командирі Жұмағали Бейсенбек және т.б. сөз сөйлейді.

Слет 2009 жылы құқық бұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті сақтауға белсене қатысқан тұлғалар мен үздік студенттік жасақтарды Алматы қаласы Ішкі Істер Департаментінің грамоталары және сыйлықтарымен марапаттауымен аяқталады.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі



Жалын

75 жылдық мерейтой аясындағы шаралар әлі де жалғасын табууда. Оған белсенді ҚазҰУ жастары өз үлестерін қосып келеді. Қазан айының 10 жұлдызында «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен өткен «75 жылдықта 75 теңгеден түскі ас» атты әлеуметтік акциясы – осының жарқын дәлелі. ҚазҰУ-дың Тамақтандыру комбинатында 75 % шегеріліммен студенттерге ұсынылған түскі ас білім ордасының мерейтойына арналған тарту болды. Бұл 3 сағатқа созылған акция барысында студенттер өздеріне деген ыстық ықылас пен қамқорлыққа тәнті болды. Студенттердің тоқтығын ойлаған басшылыққа және әрқашан студенттерге әлеуметтік қолдау көрсетуден талмайтын «Сұңқар» студенттер кәсіподағына алғыстарын білдірді.



Еліміздің белді білім ордасының 75 жылдық мерейтойына дайындық сонау сәуір айынан басталды. Жақында еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев қара шаңырақ ҚазҰУ-ға ат басын тіреп, мерейтойымызбен құттықтап, жүрек жарды лебізін білдірген кездесуде қай кезеңде де болмасын жастар ел болашағын айқындайтын бірден бір фактор екенін айтқан болатын. Елбасымыздың әрдайым жастарға үлкен сенім білдіруі жастар белсенділігінің күннен күнге артуына дем беріп отыр. Еліміздің болашағына деген нық сенім жастарды алға жетелейді. Осы орайда 1999 жылдан бастап заңды мекемеге айналған «Сұңқар» студенттер кәсіподағы да республикалық деңгейдегі жастар мәселелеріне үн қосумен қатар университет көлемінде көптеген шаралар өткізіп келеді. Кәсіподақтың басты мақсаты – ҚР Конституциясына сәйкес, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мүдделерін, мүшелерінің еңбек құқығы мен денсаулығын қорғау. Осы ретте ҚазҰУ-дың мерейтойына сый ретінде ұйымдастырылған 75 теңгелік түскі ас та әлеуметтік акция болып табылады.

қатысты өтіп жатыр. Осындай бастамалар әрқашан өз жалғасын таба берсін». Соңдай-ақ, Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрайымы Меңдігүл Сағатқызы: «Ас адамның арқауы» демекші, студенттерге сапалы білім алулары үшін, ертең еліміздің әр түрлі салаларында қызмет атқаратын мықты маман болып шығуы үшін дәмді, дәруменді тағаммен тамақтануы маңызды. Сондықтан «Сұңқар» студенттер

Мерейтойда студенттерге мерекелік тарту

кәсіподағының бүгінгі бастамасы қолдауға тұрарлықтай игі бастама деп ойлаймын», – деп да өз ойын ортаға салды. 650 студентке арналған комплесті түскі ас барысында қызықты жайлар да орын алып жатты. Ас көптеген студенттерге жетпей де қалды. Осы тұста сұңқарлықтар ұтымды жол тауып, студенттерді көңілсіз қайтармау үшін университетіміздегі әйгілі «КазГУград» кинотеатрында 3 күн



көлемінде өтетін акция жариялады. Студенттер кешкі сағат 20.00-21.00 аралығында көрсетілетін сеанстарға 75 теңгеден кіріп, фильм көре алады. Бұл да ҚазҰУ студенттері үшін аса үлкен көлемдегі жеңілдік болып табылады. Сонымен қатар акция барысында жастардың белсенділігін арттыру мақсатында 75-ші студентке «Ыстық көлге» 2 жолдама берілді. Жолдамаға ие болған биология факультетінің студенті Назым Чакенова: «Маған бұл шара қатты ұнады. Мен үшін бұл бір күтпеген және студенттік өмірімде естен кетпес қуантарлық жағдай болды. «Сұңқар» студенттер кәсіподағына шын жүректен алғысымды айтқым келеді. Болашақта өркендей берсін. Студенттерге арналған қызықты да қуанышты акциялар, мерекелік іс-шаралар көбейе берсін!» – дейді. Сұңқарлықтар студенттерге түскі ас таратумен ғана шектелмей, түрлі тосын сыйлықтарымен де студенттерді қуанта білді. Студенттер өздеріне деген қамқорлықты сезіне білсе, болашақта жарқын көзқараспен, нық сеніммен қадам басары сөзсіз деп сенім білдірді ұйымдастырушылар.

Әлия ҚАРАҚОЖАЕВА,
экономика және
бизнес факультетінің
2 курс студенті

ҚазҰУ тарихы

Сандар да сөйлейді

1980 жыл

“Биофизика” оқу ғылыми-өндірістік бірлестігі құрылды.

1984 жыл

1 маусым күні шығыс филологиясы кафедрасы құрылды.

1985 жыл

19 маусымда университетімізде шетел азаматтары үшін дайындық факультеті ашылды.

1986 жыл

ҚР ҰҒА – ның корреспондент – мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Е.Е.Ергожин ректорлық қызмет атқарды.

1988 жыл

ҚР ҰҒА – ның корреспондент – мүшесі, физика – математика ғылымдарының докторы, профессор М.М.Әбділдин ректорлық қызмет атқарды.

1989 жыл

27 наурызда салтанатты түрде Қазақ мемлекеттік университеті тарихы жайлы мұражай ашылды. Шығыстану факультеті ашылды.

1991 жыл

4 сәуір күні ҚР ҰҒА – ның корреспондент – мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор К.Н.Нәрібаев ректорлық қызметке тағайындалды. 23 қазанда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аты өзгертіліп, оған ұлы философ, ғалым – энциклопедист әл-Фарабидің есімін беру туралы ҚазКСР Министрлер кабинетінің қаулысы шықты.

1992 жыл

Философия – экономикалық факультеті философия және саясаттану, сондай-ақ экономика және социология деген екі дербес бөлімдерге бөлінді. Наурыз айында экспериментальды және теоретикалық физика институты ашылды.





■ Мерейтой

Студенттік өмірдің қайта оралмас маусымы бар

*Жастық шақтың гүлдей боп көрінген,
Кетпес сірә осы бір шақ көңілден.
Естелік боп қала берсін мәңгілік,
Қызығы мол студенттік өмірден.
(Студент шығармасы)*

жарқын жұлдыздары «Сұңқар» және «Ғарыш» топтары ҚазҰУ жастарын мерекелі күнімен шын ықыластарымен құттықтап келіп отыр.

Бұл кештің маңыздылығы неде?! Студенттер, сіздердің құрметтеріңізге ән шырқалып, би биленіп, күй тартылады. «Сұңқар» мен «Ғарыш» топтары сіздерді еркін ой бөлісу алаңына шақырады. Сонымен қатар, кешімізді өнерімен әрлер өнер майталмандары келіп отыр.

Кештеріңіз көңілді өтсін, достар! Мереке тағы да құтты болсын!

Дәл осылайша сөзінен сән құраған жүргізушілер – салмақты да саликалы қыз Жанат пен сырбаз жігіт Уәлихан «Біз де студент болғанбыз...» атты Студенттер күніне арналған кешті бастап кетті. Бұл кештің ұйымдастырушы авторлары: журналистика факультетінің 4 курс студенттері атынан «305-тің қыздары» – Жанат Қасымбек, Ләзиза Жақып, Әйгерім Қарағұлова, Шарапат Есқараева, Әйгерім Даурбаева.

Студенттік өмірдің қызығы мен шыжығы әсте таусылмас. Соған орай студенттік жылдарының қызықты сәттерінен бөлісу үшін эстрада жұлдыздары «Сұңқар» мен «Ғарыш» топтары келіп, жастармен еркін тілдесті, сырласты, өнерлерін көрсетті. Иә, бұл кеш бұрынғы кештен өзгереді, айтуға ыңғайлы сөз керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының атынан жүрекжарды



тілегін дәл президентіміздей жеткізген «Шаншар» театрының парадисті Даркен Нұрмаханұлы мерекені берекеге ұластырды. Кешегі студент, бүгінгі журналистика факультетінің түлектері айтыскер-ақындар Рүстем Қайыртайұлы студенттік кезеңнің үзік-үзік суреттерінен сыр тартса, Асхат Қылышбек балмұздақ студенттердің құпиясын әдемі өлеңімен аша түсті. Өрілген қос бұрымдай қос түлектің астасқан арнауы мен сатиралы өлеңі көңілдің кірін шайып жібергендей әсер қалдырды. «Шаншар» театрының белгілі парадисті Аманғали барша студентті күлкіге қарық қылса, әнші Бейбіт Қорған қасиетті кара домбырамен ән салды. Шапса нағыз шабатын шапқырлар, филфактан келген көңілді тапқырлар «Сенсация» КТК командасы кеш қонақтары «Ғарыш» пен «Сұңқар» тобының жігіттері мен студент қауымының біраз қызықты кинокадрларынан хабардар етті. 305-тің қыздары Ләзиза Жақып пен Әйгерім Қарағұлованың «Ғашығын іздеген жігіт» бейнеклипі де студенттердің ойын оқып қойғандай. Сондай-ақ жастардың жүрегіне жол тауып жүрген «Арна», «Меломен», Мейрамбек Оспанов сынды жас әншілер кеш көркін қыздыра түсті. Жастық шақтың әр күні қызыққа толы екендігін дәлелдеген эстраданың жаңа есімдері «Сұңқар» мен «Ғарыш» топтары да қызықты күндерінен сыр тартып, әндерін ҚазҰУ төрінде қалықтатты. Жұлдыздардың өмірі барша жастар үшін қызық. Сол қызықтың құпиясын ашқан мерекелік кеш студенттерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Жанат ҚАСЫМБЕК

■ Бүгінгі сатира

Кешегі студент, бүгінгі журналистика факультетінің түлегі Асхат Қылышбектің студенттік жылдардан қалдырған шығармашылық естеліктері баршылық. Асекеңнің әу бастан, Жыры елге ұнады, Сатирасы бұл жанның, Қай жерінен шығады деп сатираның сыбызғысын шертіп жүрген түлек ақынның өнерін дәріптеп, студенттер күніне орай, барша ҚазҰУ жастарына арнаған өлеңмен өрілген сыйлығын сіздерге ұсынбақпыз.

Қыям

Қараша жатақхана ымырт түскен
Қара шай бойымызды жылытты ішкен.
Алты жігіт фойеде қырындаймыз,
Қыздарға баспалдақпен мініп түскен.

Сен әлгі танушы ең ғой балмұздақты,
Сол бүгін бөлмесінде жалғыз қапты,
Деп бірі жымын қақты маған қарап,
Ойға алып мені сонда барғызбақты.

Бөлмеңе есік қақпай кіріп келдім,
Әрине бұл ісімен күдіктендім.
Білесің бір емеспін бүліктердің
Сондықтан сәлемінді күліп бердің

Жақындап орныңнан тұрып келдің,
Мен іштен есігінді іліп бердім.
Қаным теуіп басым тұрғанымда
Сен де бір үлкен істен үміттендің

Қос қолым көңілің тапты шыбық белдің,
Сен кадалған көзінді жұмып бердің,
Жок, біз былай етпедік мұның бәрі,
Қиялы еді сырттағы жігіттердің!!!

БАЛМУЗДАҚ ҚЫЗ

Балмұздақ қыз бүгін сенің пәк күйің,
Жатақхана жанға жайлы сәтті үйің
Құшағыңда мамық үрпек ойыншық,
Дәл өзіндей сүп-сүйкімді ақ тиін.

Сағындырса ауыл-аймақ, белес, көк,
Мынау қала мен күткендей емес деп.
Отырасың альбомыңмен сырласып,
Өткен күннен естеліктер елестеп.

Саған таңсық түнгі қала би кеші,
Сауық құрып қайтқын келед кейде осы.
Бірақ бөгет ұстаз берген тапсырма,
Одан қалса кәріс-түрік киносы.

Үйде қонырау шалса жылап аласын,
Не етсең де саған бәрі жарасым
Әрбір көзден әрбір сөзден сабақ ап,
Күннен-күнге сен бой жетіп барасын.

Кейде саған осы өмірің бал дағы,
Ал бұдан да тәтті күндер алда әлі.
Құрбы қызбен қыдыртады бір үміт,
Қалашықтың жағылғанда шамдары.

Тәккапарлау өте шықсаң паң күліп,
Елендейді сері жігіт, сал жігіт
Бұл шағынның әр сәтінде сыйлық бар,
Оны кештеу түсіңерін заңдылық.

Мұны саған айтқандағы мазмұн не?!
Оны өзін-ақ түсінесін аз күнде.
Сені құлай сүйетұғын бір жан бар,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де....

Асхат ҚЫЛЫШБЕК



Күздің көрігі көңілді думанында. Ажары алтындай апталған күз мезгілінің мерекесі ҚазҰУ қалашығында сезіммен ұштасып, «Күз. ҚазҰУ. Махаббат...» деп жар салды. Қараша айының 19 жұлдызында филология факультетінің 1 курс студенттерінің арасында одалы дода түрінде өткен байқау осыны дәлелдегендей.

Күз. ҚазҰУ. Махаббат...

делген еді. Төрт жұптан бірігіп бақ сынасқан жастар барша қауыммен танысып, көкейдегі сұраққа жауап іздеп, іште тұнған өнерлерімен бөлісіп, шыр айнала би билеп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға тырысты.

Кештің қызықты да, тартымды болып өтуіне жүргізушілер Ертай мен Ақкүн де бар күшін салды. Эстрада жұлдыздары «Жебе», «Меломен» және «Инжу» топтары да

қалыс қалмады. Ал, жалынды жанкүйер ретінде көрермен болып келген жастардан залда ине шаншар орын болмады. Көрермендердің көңілінен шыққан байқау өз мәресіне жетіп, әділқазылардың бағалауымен «Бас жүлде» қазақ филологиясының намысын қорғап шыққан «Екі жұлдыз» командасының қанжығасында кетсе, 1 орын қазақ тілі мен әдебиетінің намысын ту еткен

«Сырлы сезім» командасына бұйырды. 2 орынды екі шет тілінің атынан додаға қатысқан команда иемденсе, аударма ісінің «Балмұздақтар» командасы 3 орынды қанағат тұтты. Осылайша байқау да шыңына шырақ алып, шарықтау шегіне жетті.

Гүлнар ӘЛАЙДАРҚЫЗЫ,
филология факультетінің
1 курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,
Бөлім меңгерушісі – Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ,
Редакторлар – Шынар ӨСКЕМБАЕВА,
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,
Фототілші – Алматы МҰХАМЕДЖАНОВ;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Бизнес Информ» баспаханасында (Төлеби көшесі, 108) басылды. Тел: 8(727) 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс 10842

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.